

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 1141 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 шілдедегі N 768 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігін қайта ұйымдастыру туралы" 2004 жылғы 9 маусымдағы N 1382 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 1141 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы**

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы
22 қаңтардағы N 29 Жарлығына өзгеріс енгізу және Қазақстан
Республикасы Президентінің 2003 жылғы 20 маусымдағы
N 1141 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігін қайта ұйымдастыру турады" 2004 жылғы 9 маусымдағы N 1382 Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы,

1999 ж., N 1, 2-құжат; 2001 ж., N 4-5, 43-құжат; 2002 ж., N 26, 272-құжат; N 45, 445-құжат; 2003 ж., N 12, 132-құжат; N 16, 160-құжат; 2004 ж., N 13, 166-құжат; N 21, 267-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған Жарлықтың 1-қосымшасында:

"Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды
реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі 573
оның ішінде аумақтық органдар 408"
деген жол алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы 2003 жылғы 20 маусымдағы N 1141 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 27, 250-құжат; N 41, 427-құжат; 2004 ж., N 21, 267-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті